

**Уәлиханов ауданы бойынша төлемдердің жеке түрдегі мөлшерлемесі туралы**

**Күшін жойған**

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 2009 жылғы 22 маусымдағы N 7-14с шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Уәлиханов ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 10 шілдеде N 13-13-108 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 2013 жылғы 29 наурыздағы N 19-10с шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 29.03.2013 N 19-10с шешімімен**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексіне сәйкес, а у д а н д ы қ м ә с л и х а т **Ш Е Ш Т І :**

1. Уәлиханов ауданы бойынша төлемдердің жеке түрдегі мөлшерлемесі № 1, 2, 4, 5-қосымшаларға сәйкес бекітілсін. ( Қ о с а б е р і л е д і )

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 2010.08.02 N 7-23с Шешімімен**

2. Аудандық мәслихаттың 2007 жылғы 17 шілдедегі № 5-33с «Уәлиханов ауданы бойынша төлемдердің жеке түрдегі мөлшерлемесі туралы» ( 2007 жылғы 22 тамыздағы тіркеу № 13-13-55, 2007 жылғы 25 тамыздағы № 37 « Шұғыла» газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Көрсетілген шешім бұқаралық ақпарат құралында жарияланғаннан кейін он күн өткен соң күшіне енеді.

*Сессия төрағасы*

*Аудандық мәслихаттың  
х а т ш ы с ы*

*К.Жантілеуов*

*Ә. Бейсенбаев*

А у д а н д ы қ

м ә с л и х а т т ы ң

2009

ж ы л ғ ы

22

м а у с ы м д а ғ ы

№

7-14с

шешіміне № 1-қосымша

**Уәлиханов ауданы бойынша жеке тұлғалар үшін кей кезде істелетін кәсіпкерлік қызметтердің түрлері бойынша бір күндік біржолғы талонның құны**

Кәсіпкерлік қызметтің түрлері	Сомасы

Газет және журналдарды қолдан өткізу	35
Тұқымды, тұқым отырғызатын материалдарды (отырғызатын ағаш және жеміс өсімдіктері) тұрғылықты нүктеден басқаларды өткізу	35
Базар сыртында бақша өсімдіктерін өткізгені үшін	196
Жеке меншік және жалданған тракторлармен жер учаскелерін өңдеу қызметін көрсету	237
Саяжайда өсірілген гүлдер мен өздерінің учаскелерінде өсірген гүлдерді өткізгені үшін	35

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т т ы ң  
2009 жы л ғ ы 22 ма у с ы м да ғ ы № 7 - 14 с  
ш е ш і м і н е № 2-қ о с ы м ш а

**Уәлиханов ауданында істеп тұрған базарлардағы тауар сатумен шұғылданатын тұлғалар үшін біржолғы талондардың құны.**

р/с	Базарды мамандандыру	Сомасы
1	Азық-түлікті столдан және дүкеншатырдан сату	177
2	Азық-түлікті жеңіл автокөліктен сату	293
3	Азық-түлікті жүк автокөлігінен сату	293
4	Көкөніс, жеміс, сүт тағамдарын сату	58
5	Көкөніс, жеміс, сүт тағамдарын столдан сату	97
6	Көкөніс, жеміс, сүт тағамдарын жүк автокөлігінен сату	584
7	Көкөніс, жеміс, сүт тағамдарын жеңіл автокөліктен сату	293
8	Ет тағамдарын сату	196
9	Киім-кешек тауарларын қолдан сату	58
10	Киім-кешек тауарларын столдан сату	177
11	Киім-кешек тауарларын жүк автокөлігінен сату	587
12	Киім-кешек тауарларын жеңіл автокөліктен сату	341
13	Кеңсе тауарларын сату	60
14	1 автокөлікті сатқаны үшін	584
15	Қосалқы бөлшектерді сатқаны үшін	293
16	Ірі қара мал мен жылқыларды сату	196
17	Басқа да жануарларды сатқаны үшін	196

18	Құстарды сату	97
19	Үй жануарларын, құстарды, аңдарды сатқаны үшін	196

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т т ы ң  
2009 жылғы 22 маусымдағы № 7-14 с  
шешіміне № 4-қосымша

### Кейбір қызмет түрлеріне салық сомасының белгіленген мөлшерлемесі

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы  
Уәлиханов аудандық мәслихатының 2011.12.08 N 4-36с Шешімімен

Рет N	Қызмет түрлері	Тіркелген салықтың базалық ставкаларының мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)
1	2	3
1.	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	1
2.	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1
3.	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1
4.	Ойын жолы	5
5.	Карт	2
6.	Бильярд үстелі	3

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т т ы ң  
2009 жылғы 22 маусымдағы № 7-14 с  
шешіміне № 5-қосымша

### Уәлиханов ауданы бойынша жеке тұлғалар үшін маусымдық түрде істелетін кәсіпкерлік қызметтердің түрлері бойынша біржолғы талонның құны

Мал бағу, оның ішінде:	Сомасы
Қара мал мен жылқының бір табыны	60
Жас қара мал мен жылқының бір табыны	60